

Мемлекеттік кепілдіктер берудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 желтоқсан N 1652

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен

:

1) "Kazakstan Airlines" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Заемшы) тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік кепілдігін берсін:

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z000131_ Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде 27 000 000 (жиырма жеті миллион) АҚШ доллары мөлшерінде негізгі борышын, сондай-ақ кепілгердің төлеуге тиісті пайыздары мен өзге де төлемдерін қамтитын сомада;

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z010273_ Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде 42 000 000 (қырық екі миллион) АҚШ доллары мөлшерінде негізгі борышын, сондай-ақ кепілгердің төлеуге тиісті пайыздары мен өзге де төлемдерін қамтитын сомада;

2) Қазақстан Республикасының көрсетілген мемлекеттік кепілдігі берілуіне байланысты туындайтын Қазақстан Республикасының алдындағы оның міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы Заемшымен тиісті келісім жасассын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.02.22. N 240

қаулысымен.

P020240_

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Заемшының мемлекеттік кепілдік алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК